



Танымдық үрдістердің зерттеу әдістері

Орындаған: Манап Қ.
Мырзатаева Н.
1-004 топ
Тексерген: Жакишева Г.С





Жоспар:

- Танымдық үрдістер
- Түйсік
- Қабылдау
- Зейін
- Ес
- Ойлау
- Сөйлеу
- Қиял
- Қорытынды
- Ойын (тест)
- Пайдаланылған әдебиеттер




Психикалық үрдістер

- Психикалық үрдістердің мына түрлері болады:
- Танымдық
- Эмоцианалды
- Еріктік



Танымдық үрдістің түрлері





Түйсік

- Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді *түйсік* деп атайды.
- . Мәселен, жолдасыңнан көзін жұмуын өтініп, оның алақанына белгісіз бір затты тигізсең, сосын одан оның не екенін сұрасаң, ол: “қатты, жылтыр, мұздай, жұмсақ, жылы, кедір-бұдыр бір нәрсе” деп жауап береді. Заттардың нақты атауы емес, тек түрлі қасиеттерін білдіретін осы сөз тіркестері *түйсік* болып табылады.



Түрлері

- **Экстерорецептор** – көру, есту, иісті сезу, сипап сезу және т.б. жатады (сыртқы құбылыстар)
- **2. Интерорецептор** – дәм түйсіну, ауруды түйсіну және т.б. (ішкі құбылыстар)
- **3. Проприорецептор** – бұлшықеттер, діріл, тамыр тартылу (қозғалысты түйсіну)



Түйсік негізгі заңдылықтары

1. Сезгіштік – адамның түйсіне алу қабылеті. Ол екіге бөлінеді : **абсолюттік және айырма.**

Абсолюттік – сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түсіндіре алуы.



Айырма – сезім мүшелерінің тітіргендіргіштердің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алуы.

2. Адаптация – сезім мүшелерінің біртіндеп бейімделуін айтамыз. Сезгіштіктің артуын және төмендеуін көрсетіп отырады. Мысалы, жарық жерден қараңғы бөлмеге кіргенде, немесе керісінше.

3. Сенсбилизация – сезгіштіктің артуын ғана көрсететін құбылыс. Біреуінің әсерінен басқаларының сезгіштігі артады.

4. Синестезия – тітіркендіргіштер сезім мүшелерінің біреуінде ғана түйсік туғызудың орнына сол сәтте басқа түйсіктердің пайда болуына да жағдай жасайды. Қосарланған түйсіктер. Мысалы, кейбір адамдар біреудің сөзін естігенде, бұған қоса түрлі дәмдер мен түстерді де сезеді.


5. Бірізді бейнелер – тітіркендіргіш әсерінің тоқталғандығына қарамай, аз ғана уақыт болса да, түйсіктің қалатын кездерін бірізді бейнелер деп атайды



Қабылдау

Егер түйсік сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі болса, қабылдау заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады.

Қабылдауда заттар мен құбылыстардың түсі, дыбысы, дәмі, иісі, формасы т. б. қасиеттері тұтас күйінде бейнеленеді. Мысалы, алманы қабылдауды алайық. Мұнда біздің анализаторларымызға оның қызыл түсі, хош иісі, тәтті дәмі т. б. осындай қасиеттері бір мезгілде әсер етеді де, миымызда тұтас зат бейнесі пайда болады.





Ерекшеліктері

1. **Тұтастығы** – қабылдау объектісі жеке қасиеттерден, бөлшектерден тұрғанымен біз оларды бүтіндей тұтас қабылдаймыз.
2. **Иллюзия** – түрлі себептерге байланысты өмір шындығының теріс, жаңсақ қабылдануы. Алдамшы көріністер көбінесе танымға жат, түсініп болмайтын бейнелер түрінде көрінеді.
3. **Мағыналығы** - қабылданған нысан тұтас, оның мәні сөзбен беріледі, мазмұны тұжырымдалады. Қабылдау мағынасының қарапайым түрі - тану. Тану жалпылап тану немесе талғаусыз тану және даралап тану болып бөлінеді. Жалпылап тануда нәрселердің жай-жапсары терең біліне бермейді, ал даралап тануда заттар мен құбылыстарды айыру анық әрі толық түрде өтеді.
4. **Тандамалылығы** - бізге қабылдау кезінде бірнеше заттар немесе құбылыстар әсер етуі мүмкін. Бірақ біз өзіміздің қажеттілігімізге байланысты біреуін ғана қабылдаймыз. Қабылданған зат қабылданғанның объектісі деп аталады. Ал объектіден тыс қалған заттар қабылданғанның фоны деп аталады.
5. **Апперцепция** – қабылдаудың тәжірибеге, білімге, сенімге, іс-әрекеттің нәтижесіне және мамандыққа тәуелді болуын аперцепция деп атаймыз. Аперцепция 2-ге бөлінеді: тұрақты және уақытша.
6. **Тұрақтылығы** – біз өзіміздің тәжірибемізге, білімімізге байланысты заттар мен құбылыстарды тұрақты түрде қабылдаймыз. Қабылдау кезінде қабылданатын заттар мен құбылыстардың кейбір белгілері, түрлері, формалары өзгерсе де біз оларды бұрынғы қабылданған күйінде қабылдаймыз.

Зейін




- **Зейін** - адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, **таным** процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады.
- Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, **темпераментіне**, мінез бітіміне байланысты болады





Ес

. **Ес** - адамның бұрын көрген, естіген, білген нәрселері мен бейнелерін ойында ұзақ уақыт сақтап, қажет кезінде қайта жаңғырту қабілеті, жүйке жүйесінің негізгі қызметтерінің бірі. Адамның есте сақтау қабілеті үнемі дамып, жетіліп отырады.



Есте сақтау түрлерінің 3 негізгі түрі





Көріп есте сақтау
қабілеті



Сезу арқылы есте сақтау
қабілеті

Тыңдау есте сақтау
қабілеті




Ой


Ойлау - объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз.



Ойлау тәсілдері




Анализ – бүтінді бөлшектеп, майдалау, мүшелеу, белгілерге бөліп қарау. Адам өзінің күнделікті әрекетінде заттар мен нәрселерді алдымен бөлшектеп, талдап отырады



Синтез деп – ой арқылы бүтіннің бөлшектерін біріктіріп, оны бүтінге айналдыруды айтады. Анализсіз синтез, синтезсіз анализ болмайды, Бұл екеуі - бірінен-бірі ешқашан ажырамайтын ой процесінің негізгі компоненттерінің бірі

Ойлау формалары

1. **Ұғым** – ойдың бастапқы формасы.
2. **Пікір** – ойды мақұлдау, не оны бекерге шығару.
3. **Ой қорытындылары** – бірнеше пікірлерден жаңа пікір шығару. Ой қорытындыларының өзін 3-ке бөлінеді: 1. Индукция
2. Дедукция 3. Аналогия



Сөйлеу

Сөйлеу - адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. **Сөйлеу процесі** айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызша не жазбаша айту, диалог түрінде айту, көпшілік алдында айту, тындаушының білім дәрежесін, жас мөлшерін ескеру т. б.) сай түрліше құрылады.



Сөйлеу түрлері



Сыртқы сөйлеу

Жазба сөйлеу

Ауызша
сөйлеу



Диалогтық
сөйлеу

Монологтық
сөйлеу




Қиял

Қиял - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.



Қиял түрлері



Ғылыми танымның әдісі

Әдіс – бұл белгілі бір қорытындыға жетуге көмектесетін әрекеттердің жиынтығы. Эмпирикалық ғылымның негізін салушылардың бірі - Ф.Бэкон танымның әдісін циркульмен салыстырған. Әрбір адамның ойлау қабілетінің деңгейі әртүрлі, сол себепті барлық адамдардың жетістікке жетуге деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін белгілі бір құрал керек. Ғылыми әдіс осындай құрал болып табылады. Сондай – ақ, әдіс адамдардың мүмкіндіктерін теңестіріп қана қоймай, олардың іс - әрекетін біркелкі жасап, ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға ықпал етеді

Ғылыми зерттеу әдісі

Эмпирикалық зерттеу
әдісі

Эмпирикалық зерттеу әдісі

Эмпирикалық әдістерге төмендегілер жатқызылған:

- 1) бақылау – объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау;
- 2) суреттеу – объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту;
- 3) өлшеу- объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру;
- 4) тәжірибе жасау – құбылысқайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталақғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау.

Ғылыми зерттеу әдісі

Зерттеулердің теориялық деңгейіндегі ғылыми әдістерге төмендегілер жатқызылады:

- 1) формаландыру - зерттеліп отырған шынайы процестердің мағынасын ашатын абстрактылы-математикалық модельдер құру;
- 2) аксиомаландыру – дәлелдеуді керек етпейтін аксиомалар, яғни дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдардың негізінде теория құру;
- 3) гипотетикалық - дедуктивтік әдіс – нәтижесінде эмпирикалық фактілер тұжырымдалатын бір-бірімен, дедуктивті байланыста болатын гипотезалардың жүйесін жасау.

Қорытынды

Ақыл парасат, сана – сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі — өзін қоршаған ортаны танып – білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үнілді, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым – қатынасын белгілейді.

Басқаша айтқанда, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білім кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәлімет ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Жарықбаев А. «Жалпы психология», А. 2014
2. Қазақ энциклопедиясы - 7 том
3. Карварсарский Б.Д. «Клиническая психология», 2007
4. О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И. Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл.